

**Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет
Комитетінің "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі"
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
01.01.2025-30.09.2025 жж. аралығындағы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
аналитикалық анықтама**

Алматы қ.

30.09.2025ж.

Кіріспе бөлім

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдары негізінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 01.01.2025 - 30.09.2025 жж.

Сипаттама бөлімі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Кәсіпорын қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

1. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Кәсіпорынның қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау негізінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі" РМҚК Өз қызметін Жарғыға, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттарға (қағидалар, нұсқаулықтар, регламенттер, ережелер және т.б.) сәйкес жүзеге асырады.

Талдау барысында негізінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі" РМҚК қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік құжаттар зерделенді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелерді талдау нәтижелері бойынша анықталған, **анықталған жоқ.**

2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Зерттелген кезеңде Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде қызметтің мынадай бағыттары ұшырасты:

1) *Персоналды басқару*

Кадрлық жұмыс бөлімі өз жұмысын Enbek.kz бағдарламасы бойынша жүзеге асырады. Қызметкерлердің еңбек шарттарын, қосымша келісімдерін тіркеу Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі "Электрондық еңбек биржасы" www.enbek.kz порталында жүргізіледі.

Бос орын болған жағдайда хабарландыру Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі "Электрондық еңбек биржасы" www.enbek.kz порталында беріледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы бұйрығымен бекітілген № 1017 "Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларына" сәйкес азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс комиссиясы бекітілді.

Жұмысқа қабылдау бос лауазымға орналасуға кандидатты тыңдау және оған сауал қою қорытындылары бойынша жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша хаттама жасалады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі №209 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мәдениет ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес театр қызметкерлеріне № 201-ө-м, мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамалары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 01 қыркүйектегі №775 бұйрығымен бекітілген барлық қызмет салаларына ортақ біліктілік санаты мен деңгейін анықтау үшін біліктілік комиссиясы мен сараптама тобы бекітілді. Комиссия отырысы құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан өтініштер мен қызметтік жазбалардың түсуіне қарай жүргізіледі.

Оркестр қызметкерлерін аттестаттау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына және Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Заңының 7-бабының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 189 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 шілдеде №14035 болып тіркелген, 2018 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен "Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының азаматтық қызметшілерін аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары" және заңнамамен белгіленген мерзімдерге сәйкес жүргізіледі.

НҚА-да, персоналды басқару бағыты бойынша бизнес-процестерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу

Жарғыға, "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі" РМҚК ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес - Тәртіптік комиссия, Келісу комиссиясы, татуластыру комиссиясы, қызметкерлердің өтілін анықтау жөніндегі Комиссия, негізгі құралдарға жататын мемлекеттік мүлікті есептен шығару жөніндегі комиссия құрылды.

01.01.2025 ж. бастап 30.09.2025 ж. дейінгі есепті кезең үшін:

- қабылданды - 7 адам
- жұмыстан шығарылғандар – 3 адам.

НҚА-да, бизнес – процестерде мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету:

01.01.2023 ж. бастап 31.12.2023 ж. аралығындағы кезеңде өткізілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы ақпарат Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алуға қатысушы ретінде шаруашылық қызмет үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы ҚР 04.12.2015 жылғы № 434-V ҚРЗ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына сәйкес заңнамада көзделген сатып алу тәсілдерін қолдана отырып, Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Сатып алу жоспарына сәйкес 01.01.2025-31.12.2025 жыл аралығында 59 Мемлекеттік сатып алу рәсімдері өткізілді, оның ішінде:

1. Баға ұсыныстарын сұрату –23;
2. Ашық байқау – 0;
3. Сәтсіз өткен сатып алулар бойынша бір жерден алу-0;
4. Электронды дүкен- 14;
5. Тікелей шарт жасасу арқылы бір жерден алу тәсілімен – 21;
6. Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу – 1.

НҚА-да, мемлекеттік қызмет көрсету бағыты бойынша бизнес-процестерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

4) *Рұқсат беру функцияларын іске асыру:*

- "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі" РМҚК бизнес-процестерді басқару, құжат айналымын автоматтандыру, электрондық заңды құжаттармен алмасу және т.б. үшін шешімдер қолжетімді "Doculite "электрондық құжат айналымы жүйесін пайдаланады,

DOCULITE қызметі мыналарды қамтамасыз етеді:

- Клиенттің ішкі құжат айналымын автоматтандыру.
- Клиенттің ЭЦҚ-мен электрондық құжаттарға қол қою.
- ҚР ҰКО онлайн режимінде сұрау жіберу арқылы DOCULITE-тегі тіркеу деректеріне клиенттің ЭЦҚ сәйкестігін тексеру және валидациялау.

- Оператордың электрондық құжаттың мазмұнына, оның ішінде клиенттің ЭЦҚ-мен қол қойғаннан кейін кіруге техникалық мүмкіндігінің болмауы.

- Оператордың электрондық құжаттың, оның ішінде клиенттің ЭЦҚ-мен қол қойғаннан кейін ішіндегісін өзгертуінің техникалық мүмкіндігінің болмауы.

Шартқа сәйкес Doculite-те клиенттің ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжатқа 20 таңбалы бірегей нөмір беру.

Қызметтерді ұсыну:

- Шарт талаптарына сәйкес клиенттер арасында электрондық құжаттардың сыртқы алмасуын қамтамасыз ететін қызмет.

- Клиенттің ішкі бизнес-процестерін автоматтандыруға мүмкіндік беретін электрондық құжат айналымының бұлтты жүйесін қамтамасыз ететін қызмет.

- Сервисінің басқа клиенттері ұсынатын бизнес пен Азаматтарға арналған қызметтер.

1.4.Doculite сервисі Клиент пен оның контрагенттері арасындағы шарт пен регламент шарттарына сәйкес заңды мәнді құжат айналымын қамтамасыз етеді.

НҚА-да, рұқсат беру функцияларын іске асыру бағыты бойынша бизнес – процестерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

5) *Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер жатады*

Оркестр мемлекеттік мүлікті басқару комитеті тұлғасындағы уәкілетті орган бекіткен даму жоспарына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі бекіткен қаржыландыру жоспарына, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне және оркестрдің қаржылық қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жұмыс істейді. Оркестрдің даму жоспарына сәйкес оркестрдің қызметіне, заңнама нормаларына байланысты кірістер мен шығыстар қарастырылған және қажет болған жағдайда заңнамада бекітілген мерзімдер бойынша түзету жүргізіледі. Оркестр жедел басқару құқығындағы кәсіпорын болып табылады, республикалық бюджеттен субсидия түрінде жетіспейтін қаражатты алады. Кірістер мен шығыстарды игеру және алу заңдылығы театрдың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Сондай-ақ басымдық материалдық және ақшалай қаражатқа үнемді және ұқыпты қарау болып табылады. Оркестрде материалдық құндылықтар мен негізгі құралдарды есептен шығару жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылды. Осы мақсатта ақшалай, негізгі және материалдық активтерді түгендеу үнемі жүргізіледі. Субсидиялардың негізгі үлесі жалақы төлеуге бағытталған.

Оркестрда мамандықтардың сәйкестігі бойынша жұмыс өтілін анықтау жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Үстемеақылар мен сыйлықақылар түрінде ынталандыру бөлім басшыларының қызметтік хаттарын міндетті түрде талап ете отырып, жалақыны үнемдеу шеңберінде жүргізіледі.

Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау жөнінде, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

4) кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

5) кәсіпорынның таза табыстың белгіленген бөлігін республикалық бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

6) жыл сайын кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

Талдау объектісімен бюджеттік және қаржы қаражатының елеулі сомаларымен операция жасау кезінде ішкі аудит, ішкі бақылау жөніндегі функцияларды Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ішкі бақылау қызметі орындайды.

Қажетті сатып алуды айқындау мемлекеттік сатып алу бөліміне құрылымдық бөлімшелер беретін өтінімдер негізінде жүзеге асырылады.

Тауарларды, материалдарды және жинақтаушы бұйымдарды сатып алу мәселелерін шешу үшін АҚК нарықтық бағалар конъюнктурасын, әлеуетті өнім берушілер туралы ақпаратты иеленеді, сатып алынатын тауарлардың, материалдардың номенклатурасын, қасиеттерін, мақсаты мен сатып алу саласын біледі, дерекқорға ие болады және оны үнемі толықтырып отырады.

Мемлекеттік сатып алу жоспарлары туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылады <https://goszakup.gov.kz/>

Сатып алынатын өнім техникалық ерекшелікке сәйкес келуі тиіс. Өнім беруші сәйкес келмеуіне байланысты жеткізілетін өнімді ауыстыруға кепілдік міндеттемелерін береді.

АҚО сатып алынатын өнімді тексеруді қойма меңгерушісімен, АҚО өкілімен бірлесіп жүзеге асырады. Кіру бақылауы кезінде қойма меңгерушісі:

- ілеспе құжаттаманың болуын тексеру (жеткізу құжаттары);
- сыртқы түрін бағалау;

өнім берушілердің шарттық міндеттемелердің сапасын және уақтылы орындалуын бақылау мыналарды қамтиды:

- жеткізушімен хат алмасуға байланысты құжаттаманың жүргізілуін бақылау
- жеткізу мерзімін бақылау, шарттардың орындалу барысын бақылау
- төлемдерді бақылау

Алынған тауардың жеткізуге арналған құжаттардың немесе шарттың талаптарына сәйкессіздігі анықталған кезде АҚО маманы қойма меңгерушісі мен құрылымдық бөлімшенің өкілі қол қойған сәйкессіздік актісін жасайды, онда анықталған сәйкессіздіктің сипаты көрсетіледі.

Талдау жүргізілген кезеңде кәсіпорын шарттық міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар анықталған жоқ.

НҚА-да, бизнес-процестерде бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

- салықтар мен өзге де төлемдерді жинау

Салық міндеттемесін орындау үшін жыл сайын және тоқсан сайын "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі" қызметіне байланысты салық есептері тапсырылады. Бухгалтерия салық міндеттемесінің, әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттеменің орындалуын есепке алуды жүргізеді. Ай сайын жалақы бойынша міндетті салықтар есептеледі және аударылады.

Салық есептілігі салық төлеушінің кабинетінде <https://cabinet.salyk.kz/> 200.00, 870.00, 701.00, 851.00, 100.00, 700.00 нысандар бойынша тапсырылады, бұл талдау объектісі өкілдерінің және салықтар мен өзге де төлемдерді төлеушілердің жеке байланысына жол бермейді.

НҚА-да, салық және өзге де төлемдерді жинау бағыты бойынша бизнес-процестерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

- жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Заңды тұлғалармен шарттар жасасу ҚР Мәдениет және спорт министрлігі бекіткен бағалар преЙскуранты шеңберінде, жеке тұлғалармен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестріне жұмысқа қабылдау кезінде және қатаң штаттық кестеге сәйкес жүргізіледі.

НҚА-да, жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша бизнес-процестерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

- қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету

Оркестрдің қаржылық және бюджеттік рәсімдерінің ашықтығы мен қолжетімділігі даму жоспарын ҚР заңдарына сәйкес директормен келісу арқылы қамтамасыз етіледі. Қаржылық есептілік, даму жоспарлары және даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептер жыл сайын депозитарийге ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығының порталына тапсырылады. Веб-порталда бірыңғай *Мемлекеттік тізілім* арқылы жарияланым жүреді <https://cabinet.gosreestr.kz> / Мемлекеттік сатып алу жоспарлары туралы мәліметтер веб-порталда орналастырылады <https://goszakup.gov.kz/>.

НҚА-да, жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша бизнес-процестерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

ҰСЫНЫС:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында ішкі талдауды бір жылда 2 рет өткізуді жоспарлау және құжаттарын дайындау.
2. Оркестрдің бөлім басшылары қызметкерлердің жұмысын қатаң бақылауға алу және қызметкерлердің функционалдық міндеттері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын мүлтіксіз сақтауы жөніндегі шараларды қадағалау.

Қорытынды бөлім

"Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі" РМҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша **ШЕШІЛДІ:** Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінде **сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.**

Топ жетекшісі:

Комплаенс офицер



Б.Балапанов

Топ мүшелері:

Әкімшілік-шаруашылық жөніндегі директордың орынбасары



Д. Тасболатұлы

Заңгер



А.Д. Суйнишева

Кадр маманы



Г.С.Бокиева